

«Saryarqa aqparat» ЖШС қызметкерлерімен «Медиа қызметкерлерінің қызметіндегі дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік» тақырыбында өткен семинардың хаттамасы

Өткізу орны: Қарағанды қ., Ермеков көшесі, 33;

Өткізу күні: 2026 жылғы 28 қыргүйек;

Өткізу формасы: офлайн-әңгімелесу;

Қатысушылар: ЖШС қызметкерлері – 12 адам.

Күн тәртібі:

«Saryarqa aqparat» ЖШС қызметкерлерімен «Медиа қызметкерлерінің қызметіндегі дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік» тақырыбында түсіндіру әңгімесін өткізу.

«Saryarqa aqparat» ЖШС комплаенс-офицері Абдрахманова Э.Е. қызметкерлерге дербес деректерді жинау, өңдеу және тарату, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау барысында туындауы мүмкін негізгі тәуекелдер туралы түсіндірме берді. Сонымен қатар ақпаратпен жұмыс істеуге қатысты ЖШС-нің ішкі құжаттары мен талаптары түсіндірілді.

Негізгі мәселелер:

1. Ақпаратпен жұмыс істеу кезіндегі негізгі тәуекелдер:

- дербес деректерді заңсыз тарату;
- құпия ақпаратты жария ету;
- қызметтік ақпаратты жеке мақсатта пайдалану;
- тексерілмеген немесе анық емес ақпаратты жариялау;
- тиісті негіздерсіз жұмыс материалдарын үшінші тұлғаларға беру.

2. ЖШС қызметіндегі ақпараттық тәуекелдер:

- жұмыс аккаунттары мен ақпараттық жүйелерге рұқсатсыз қол жеткізу;
- сенімсіз құпиясөздерді пайдалану және есептік деректерді басқа тұлғаларға беру;
- күмәнді электрондық хаттар мен хабарламаларды ашу;
- жеке құрылғылар мен мессенджерлер арқылы ақпараттың таралып кету қаупі;
- ақпаратты жариялау кезінде азаматтардың құқықтарының бұзылу қаупі.

3. Тәуекелдердің алдын алу шаралары:

- Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау саласындағы заңнама талаптарын сақтау;
- ақпаратты жарияламас бұрын оның дұрыстығын тексеру;
- заңды негіздерсіз дербес деректерді таратуға жол бермеу;
- ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен ЖШС-нің ішкі ережелерін сақтау;
- құпиясөздер мен есептік деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету;
- ақпараттың таралып кетуі немесе рұқсатсыз қол жеткізу әрекеттері анықталған жағдайда басшылыққа және жауапты тұлғаларға уақтылы хабарлау.

Семинар қорытындысы бойынша комплаенс-офицер Абдрахманова Э.Е. қатысушыларға Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы заңнама талаптарын сақтауды, қызметтік ақпаратпен жұмыс істеуге жауапкершілікпен қарауды, жарияланатын материалдардың дұрыстығын тексеруді және анықталған бұзушылықтар мен ақпараттық инциденттер туралы уақтылы хабарлауды ұсынды.

**«Saryarqa aqparat» ЖШС
директоры**

Комплаенс-офицер



К.Ж. Абилдинов

Э.Е. Абдрахманова